


С.Ж Асфенияров атындағы Қазақ
Ұлттық Медицина университеті

№ **2**-ші тақырып.



**Қазақстан Қарулы Күштерінің
медицина қызметінің
міндеттері мен
ұйымдастырылуы.**

Жоспары:



1. Кіріспе.
2. Соғыс кезіндегі медициналық қамтамасыз етудің негізгі міндеттері, олардың қысқаша түсінігі мен маңызы.
3. Әскери-медициналық қызметтің тіршілігінің шарттары және олардың әскердің ұрыс қимылдарын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға әсері.
4. Қарулы Күштердің медициналық қызметінің ұйымдастырылу құрылымы. Медицина қызметінің бөлімдері және мекемелері туралы ұғым. Медициналық қызметтің жеке құрамының дәрежелері.

- Қазақстан Республикасының әскери доктринасы қазіргі заманғы қарулы қақтығыстарды (қарулы қақтығыс – мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы қарама-қайшылықтарды әскери күшті қолдану арқылы шешу қалпы, қарсы тұрушылық, қақтығыс болып табылады.) былайша жіктейді:



Қазақстан Республикасының
қатысуы мүмкін қарулы
қақтығыстың қазіргі кезде
3 мүмкін түрі болжанады:



1. Жоғары қарқынды әскери
қақтығыс- әскери және
экономикалық жағдайы мықты
мемлекеттердің (мемлекеттердің
одағы) қатысуымен болатын
әскери қақтығыс.



2.Орта қарқынды әскери

қақтығыс — экономикалық және
әскери жағдайы мықты емес
мемлекеттер арасындағы әскери
қақтығыс.■



3. Төмен қарқынды әскери

қақтығыс – соғыс қалпына


өтпей, әр түрлі қарама-

қайшылықтардың қарулы күрес

құралдарымен шешу әрекетіне

байланысты туған қарулы

қақтығыс.




- Әлбетте, мұндай қақтығыстар шекаралық қарулы қақтығыс болып табылады. Әскери құрылымдар топтардың сырттан енуіне, елдің ішінде қарулы құрылымдардың пайда болуына, террорлық ұйымдардың тіршілігіне байланысты пайда болады.





Қарулы күштердің маңызды
құрамды бөлігі болып әскери-
медицина қызметі табылады.




**Соғыс кезіндегі медицина
қызметінің негізгі міндеттері,
олардың қысқаша түсінігі мен
маңызы**



- Сонымен, жаралылар мен науқастарды жақсы емдеп және оларды қатарға қосу қолданыстағы әскердің толықтырылуына себепкер және де оның ұрысқа жарамдылығы осыған байланысты. Ұлы Отан соғысы жылдары Армияның медицина қызметі бұл міндетті ұтымды шеше алды және қатарға **72,3%** жаралылардың және **90,6%** науқастарды қайта қосты.



- Міндеттердің мазмұнынан көрінетін, оны екі бөлікке бөлу керек болады. Біріншісі – ұрыс патологиясын зерттеу қажеттілігіне зақымданудың себептері мен даму механизмі, олардың ағымы, емдеу, асқыну және аяқталуына, және де санитарлық шығынның көлеміне және құрылымына байланысты. Бұл қарудың жәй түрлерінің күнделікті жетілдіруіне, жаппай қыру құралдарының ауқымының тез кеңеюіне байланысты.




- Медицина қызметінің алдында тұрған міндеттерді шешу әскерді медициналық қамтамасыз етуді ұтымды ұйымдастыруды және дәл іске асырумен қол жеткізіледі.

Әскерді медициналық қамтамасыз етудің құрамына:


1. Емдеу-тасымалдау шаралары
2. Санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар
3. Жаппай қыру қаруынан жеке құрамды қорғау бойынша медициналық қызметтің шаралары
4. Медициналық мүлікпен қамтамасыз ету шаралары




- Емдеу -тасымалдау шаралары жүйесіне іздеу, жинау, жаралылар мен науқастарды тасымалдау, медициналық көмекті дер кезінде көрсету, оларды емдеу және қалпына келтіруді біркелкі жиынтыққа біріктіреді. Ол жаралылар мен науқастардың көпшілігінің өмірін сақтау, ұрысқа қабілеттілікті не еңбекке қабілеттілікті жеделдетіп қалпына келтіруді қамтамасыз ету мақсатымен іс жүзіне асады.




- Санитарлық-гигиеналық шаралар жүйесі бекітілген гигиеналық қағиданы және әскердің жеке құрамының ұрыс қимылдарын, еңбекті және күнделікті ұйымдастыру ережесі қатаң түрде орындау және де жеке басты және қоғамдық гигиенаны сақтау мақсатымен өткізіледі.




- Эпидемияға қарсы шаралар жүйесі жеке құрамның ортасында жұқпалы аурулардың пайда болуының алдын алу, олардың пайда болған жағдайында эпидемиялық ошақтарды шектеу және жою мақсатымен ұйымдастырылады және іс жүзіне асырылады.■



- Жеке құрамды жаппай қыру қаруынан қорғау бойынша медицина қызметінің шаралар жүйесі әскерді қорғаудың бір бөлігі болып табылады және қарсыластың ядролық, химиялық, бактериологиялық қаруының әскердің жеке құрамына әсерін барынша азайту, не алдын алу, арнайы шаралар және құралдардың көмегімен оның ұрысқа қабілеттілігін сақтау және келтіру мақсатымен өткізіледі.



- Медициналық құрал-жабдықпен
камтамасыз ету шаралары жүйесі
жаралылар мен науқастарға медициналық
көмек көрсету және оларды емдеу,
санитарлық-гигиеналық шараларды және
де жаппай қыру қаруынан жеке құрамды
қорғау бойынша қызметтің шараларын
өткізу үшін бөлімдердің (бөлімшелердің)
медициналық мүлкіне мұқтаждығын
тоқтаусыз және толық қанағаттандыру
мақсатымен ұйымдастырылады және іс
жүзіне асырылады.



Қазіргі заманғы соғыста
медициналық қызметтің
тіршілігіне ерекше әсер ететіні:



1. Соғыстың ауқымы және оны бастау тәсілдері:

Ауқымы бойынша мынадай
соғыстар болуы мүмкін:
бүкілдүниежүзілік және
жергілікті.



2. Соғысты жүргізу құралдары.

Соғысты жүргізу құралдары бойынша: жаппай жою қаруын қолдану арқылы не тек қана жай жою құралдарын қолдану арқылы болуы мүмкін.



3. Оперативтік-тактикалық себеп шарттар.

Медициналық қызметтің тіршілігінің шарттары ұрыстың және операцияның қандай да түрлерінің нақты ерекшеліктерімен байланысты.

Шабуыл, қорғану, қарсы ұрыс және тағы басқа ұрыс қимылдарының түрлері әр уақытта әскерді медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін өзіндік шарттарды тудырады.




Заңсыз қаруланған жасақтар (ЗҚЖ)




- ЗҚЖ соққы беру, шабуыл жасау, рейдтерді, тосқауыл қою, диверсиялық және террорлық акттер өткізу, тұтқындар мен маңызды нысандарды басып алу жолымен ұрыс қимылдарын жүргізе алады. Миналық-жарылыстық шептер кең ауқымда қолданылады. Үлкен бандиттік құрылымдар елді-мекендерді, мемлекеттік, өнеркәсіптік және әскери нысандарды жаулап алу, оларды ұстап тұру операцияларын өткізе алады.

ЗҚЖ-мен қақтығысты шешу үшін уақытша оперативтік топтар (УОТ) құрылады. Оларды жасақтаудың ерекше құқығына мемлекеттік әскери-саяси басқарушылығы ие.




- УОТ-тың негізін дұрысында бір басшылықтың астында Ішкі істер әскерлерінің құрылымдары, Қорғаныс Министрлігінің қарулы күштерінің құрылымдары, Шекараны Қорғау Агенттігінің (ШҚА), Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, басқа да күштік мекемелер және құрылымдар құрайды.



УОТ-қа келесі міндеттер жүктелуі мүмкін:



1. Қақтығыс ауданын оқшаулау;
2. ЗҚЖ-ды құртып жіберу (қарусыздандыру);
3. Маңызды әскери нысандарды күзету және қорғау;
4. Соғысқа қатысқан қарсыластарды ажырату және қарулы қақтығыстарға жол бермеу;
5. Қақтығыс аймағында көлік колонналарын қорғау;
6. Ұрыс қимылдары жүріп жатқан аудандардан жергілікті халықты көшіру;
7. Ішкі істер әскерлеріне, ІІМ орындарына, және ШҚА әскерлеріне жүктелген міндеттерді орындауға көмектесу.




4. Қарулы күштердің медицина қызметінің ұйымдастырылуы.

Медицина қызметінің бөлімшелері, бөлімдері және мекемелері туралы ұғым.


Медицина қызметінің жеке құрамының категориялары.






Медицина қызметінің құрамына
медициналық бөлімшелер,
бөлімдер (мекемелер) және одан
үлкен құрамалар – госпитальдің
қорлары кіреді.

- Медицина қызметінің бөлімшелеріне батальондық және бригаданың медициналық бөлімдері жатады, ал бөлімдерге (мекемелерге) –жеке медициналық отрядтар, санитарлық көліктік бөлімдер, госпитальдар, медициналық қоймалар, эпидемияға қарсы мекемелер және т.б. жатады.





Медицина қызметінің жеке
құрамы дәрігерлер құрамымен
және провизорлармен, орта және
кіші медициналық
қызметкерлермен берілген.

- Дәрігерлік және провизорлық лауазымдарды қолданыстағы әскердің әскери дәрігерлермен (провизорлармен) және жұмылдыру кезінде шақырылатын қосалқы топтағы офицерлер – дәрігерлермен (провизорлармен) жасақталады. Дәрігерлік лауазымдар офицерлік болып табылады

- (медициналық қызметтің лейтенанты, медициналық қызметтің полковнигі)



Бөлімшелер мен бөлімдер
медицина қызметі құрамында
қызмет ететін әскери
дәрігерлерді әскерлік дәрігерлер
деп айту қабылданған.



Орта медициналық білімі бар
адамдар, фельдшерлердің,
лаборанттардың,
фармацевттердің және
медициналық бикелердің
штаттық лауазымдарды
толықтыру үшін арналған.
Оларға сержанттардың әскери
шендері берілуі мүмкін.



- Кіші медициналық қызметкерлер санитарлық нұсқаушылармен, санитарлармен және науқастарға қарайтын кіші медициналық бикелермен берілген.

Кіші медициналық құрамның лауазымдарына арнайы оқу бөлімшелерінде қысқа мерзімді дайындық (**3** айдың көлемінде) алған әскери қызметкерлер қатардағы сержанттарға дейін әскери шен алуы мүмкін. Санитарлар мен көлік жүргізушілер ретінде қатардағы құрам пайдаланылады.



Медициналық бөлімдерде және
мекемелерде шаруашылық және
техникалық функцияларды
материалдық-техникалық
қамтамасыз ету қызметтерінің
офицерлері орындайды.



- Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әрбір медициналық қызметкерінің және қосалқы топта тұратын қызметкердің әскери шені болады (медициналық қызметтің лейтенанты, медициналық қызметтің подполковнигі, медициналық қызметтің генерал-майоры және т.б.)

